



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттіміз



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Егінжай – 2025

Дала төсіндегі той

**ТІЛШІЛІК ТІРШІЛІКПЕН
ЖОЛҒА ШЫҚТЫҚ,
БАҒЫТЫМЫЗ – МӨРӘЛІ
ШӘМЕНОВ АУЫЛЫ. БИЫЛ
АУЫЛДАҒЫ АҒАЙЫН
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
САЛАСЫН ТАБЫСТЫ
ҚОРЫТЫНДЫЛАУҒА
НИЕТТІ. ОЛАЙ ТАЛАП
ҚЫЛМАҒАНДА ШЕ, ЕГІС
БАСЫНДА ЕҢБЕКЕРЛЕР
АЛА ЖАЗДЫ ТЕР ТӨКТИ.
ЕНДІ СОНЫҢ НӘТІЖЕСІН
КӨРЕТІН КҮН ДЕ ЖЕТІП
ОТЫР.**

Бір күн бұрын «Ауылым» фермер қожалығы егінге орақ салады» дегенді естіп, егіс басына өңтелеп жеткеніміз осы. Барсақ, қайраткер атындағы ауыл жұрты түгел осында жүр. Бөрінің тілегі бір, Манарбек Еспанов басқаратын шаруашылық биыл да межелі өнімге қол жеткізсе дейді. Бір мақсатқа еңбек еткен елдің ауызбіршілігі анық байқалады.

Егінге орақ салу рәсімінде алдымен тоқсанға таяған ауылдағы Алтынай Қаюпова әжеміз бата берді. Өзі де – кезінде совхоздың малын бағып, күріштен тау тұрғызған қарапайым еңбек адамы, ол кейінгі буынның бүгінгі жұмысына табыс тіледі.



– Заманында ауыл шаруашылығы саласына еңбек сіңірдік міне, біздің ізімізді басқан бүгінгі буынның барын көріп, тағы қуанып отырмын. Шүкір, ауылымыз әр жылды ауыл шаруашылығында табысты қорытындылап келеді. Биыл да егіс басына келіп, өнімнің шығымына риза болып отырмыз. Бірақ дәл осылай

ораққа дейін күріштің күтіміне диқандар қалай еңбек ететінін көбісі біле бермейді. Оның үстіне соңғы уақытта аяқсу мәселесі күрделеніп келеді. Бірақ бұл біздің шаруамыздың ширауына айтарлықтай тұсау бола алмайды. Диқандар керісінше жауапкершілікті еселегендей. Әйтпесе биыл да су мәселесі күрделі болғанын жақ-

сы білеміз. Соған қарамастан өнімнің бітік шығуына шаруашылық ұжымының көп еңбек сіңіргені көрініп тұр. Қырмандарын дөңге толсын, табыстарың арта берсін. Әр жылды шаруашылық талағай табыспен қорытындыласың, – деді Алтынай әжеміз. Иә, Манарбек Еспанов басқаратын шаруашылықтың әр жылды табысты

қорытындылауы заңдылық. Өйткені әкесі Ұзақ Еспанов атамыз да ауыл шаруашылығы саласында серпін қалыптастыруға тер төкті, ауылдың екінші тынысын ашуға бар қарым-қабілетін жұмсағаны, сол жолға саналы жұмырын сарп еткені белгілі. Еңбек Ерінің саладағы сара жолын жалғаған Манарбек ағамыз да бірнеше жылдан бері егін шаруашылығының ширауына табысты еңбек етуде.

Айта кетейік, биыл шаруашылық 680 гектар алқапқа күріш өккен. Сұрпын сұрасаңыз, «Каурис» пен «Маршал». Диқандар биыл аяқсу тапшы болғанын жасырмайды. Бірақ кезектесіп су алу арқылы және сұтартқыш насостармен бұл тығырлықтан шығатын амал тапқан. Жаздай диқандардың табанды еңбек еткені көрініп-ақ тұр. Алқаптағы өнімнің шығымына көз сүйсінеді.

Шаруашылық биыл мұнан бөлек 100 гектар жаңа жоңышқа егіп, 230 гектар ескі жоңышқаны күтімге алған. Сондай-ақ 110 гектар бидай егіп, оны жазда жинап алды. Енді кезек күрішке келіп тұр.

Жаз бойы диқандар күріштің күтіміне еңбек етті. Ендігі міндет механизаторларда, егінді жинап алуда айтарлықтай мәселе жоқ секілді. Егіс басында көзге ілінген техникалардың көнесі жоқ. Соған қарағанда шаруашылық төрағасы техникалық базаны жаңартып, дала дарабоздарының еш қиындықсыз еңбек етуіне бар жағдайды жасап қойғандай.

Былыттар да «Ауылым» фермер қожалығы дәл осы межеде күріш өккен. Сыр салысының әр гектарынан 60 центнерден өнім жиыпты. Диқандардың алды гектарынан 83 центнер өнім алған. Өткен жылы рекорд жа-

нартқан даңғайыр диқандардың із-басары Ғани Жүсіпов те егіс басынан табылды. Ол биыл 51 гектар алқапқа күріш өккен. Ерінбей ағамыздың күріштігіне барып, өнімнің шығымын қарадық. Биыл да Ғанекен қырманды астыққа толтыратын секілді. Күзге дейін күріштің күтіміне бар қарым-қабілетін жұмсағаны анық байқалады.

Бүгінде «Ауылым» фермер қожалығы 80-ге жуық адамды жұмыспен қамтып отыр. Олардың табысы да жаман емес, оның үстіне еңбек өнімділігі жоғары дала дарабоздарына жыл сайын қосымша қаржылай сыйақы үлестіру ауылда дәстүрге айналған. Былтырдың өзінде бұл мақсатқа 30 млн теңге жұмсалған.

Ауылдағы шаруашылық ұжымы ротация тәртібін қатаң сақтайды. Оның үстіне жыл сайынғы аяқсу мәселесіне байланысты суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық беруде. Бұйыртса, алдағы күндер жауын-шашыннан аман болса, осы айдың соңына дейін күзгі науқанды қорытындыламақ.

Егінге орақ салу рәсімін дала төсінде дүбірлі той қылып өткізу ауылда дәстүрге айналған Мәдениет үйі ұжымы өз өнерімен ауылдағы ағайынға көтеріңкі көңіл күй сыйлайды. Егіс басын өңге бөлеген әжелердің өнері өз алдына белек өңгіме. Егінге орақ салу рәсімінің лентасы қылысымен қос қомбайн бітік шыққан өнімге түсті. Ал оны қызықтаған ауылдағы ағайын соңында Мәмбет әулиенің басына барып құран оқып, жайылған дастарқаннан дәм татты.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Еңбек адамы

Алпыс жыл ұршық иірген

Ұршық иіру – қазақ халқының ертеден келе жатқан тірлігінің бірі. Осы ретте ақжаулықты аналарымыздың салт-дәстүрмен сабақтасқан өнегелі өмірін қалың оқырманға насихаттау мақсатында тілшілер тобы Таң ауылына қарай бет алдық. Аядай ғана ауылда қолөнерді ұлықтап келе жатқан кейіпкеріміз Қалдыгүл Хамитовадан ұршық иіріп, тоқыма тоқудың қыр-сырын үйрендік.

Қалдыгүл Хамитқызы жас ұрпаққа ұлттық қолөнерді насихаттап келеді. Оның қолынан шыққан құнды дүниелерге бүгінде ауыл тұрғындары тарапынан сұраныс жоғары. Ол – киіз басу, тоқыма тоқу, көрпеше тігудің хас шебері. Арнайылап ауылға келген соң кейіпкеріміздің шаңырағына аялдап, бұрын өзі басқан киіздің үстінде отырып сұхбаттастық. Айтуынша, жас күнінде ауылдағы абысын, келіндерімен ауызбіршілікте бірлесіп жасаған жұмысының нәтижесінде шамамен бір күнде 2-3 киіз басқан. Киіз басу айтуға оңай болғанымен оңай орындала салатын іс емес. Ол – қолдың күшімен қатар ептілік пен шыдамдылықты қажет ететін машақаты көп жұмыс. Қалдыгүл апаның айтуынша, бұрын киіз басу ауылда кішігірім той секілді өткен. Себебі ауылдың қыз-келіншектері киіз басатын үйге бір мезетте жиналып, асарлатып бірге бітірген.

– Киіз басу – ауыл тұрғындарын ауыз-біршілікке шақыратын керемет дәстүр. Ешкім қол көмек беруден бас тартпай, бір үйдің баласындай атсалысатын. Ол кезде киіз басудан қалып қойсақ, «Мені неге шақырмадың?» деп ренжітіңіз. Себебі киіз басу арқылы бір-бірімізге жақын бауырдай болып, өңгіме-дүкен құрдық. Қазір заман талабына сай киізді ешкім үйіне төсемейді. Сондықтан болар, ескі дәстүр ұмытылып, жастар жағы аса қызығушылық танытпайды. Өзім беріге дейін үйіме пайдаланып, төсеп келдім. Жас күнімде жасаған жұмысым деп тастауға қимай, сарайға 3 киіздімді сақтап қойдым. Дәл қазір біз отырған мына киізді арасында жұмыс жасап жүріп бітіргенім. Ол кезде шаршауды білмейтінбіз. Бала-шағаның да жағдайын жасап, жұмыс та істеп, киіз де басып үлгеретінбіз, – дейді кейіпкеріміз.

«Шеше көрген тон пішер» демекші, анасынан үйренгені мол Қалдыгүл апа



ұлттық өнерге бала кезінен қанық болған. Анасы кезінде ұршық иіріп, кілем тоқып, ши тоқыған. Кейіпкеріміздің бүгінде ұршығын қолына алып, жіп иіріп жүргеніне 60 жылдан асқан. Қолы қалт етіп босай қалса, ұршығын иіріп, тоқымасын тоқиды.

Сұхбат барысында кейіпкерімізбен бірге қолөнердің өзіндік ерекшеліктері мен реттілігімен танысып, жүн түтіп, оны иіріп, дайын болған тоқыма жіптен бірге шұлық тоқыдық. Ол өңгіме барысында осыдан бірнеше жыл бұрын ауыл тұрғындарының жаппай түйе жүнінен жасалған шұлықтарға, көудешелерге сұранысы артқанын айтты. Десе де, түйе жүнінен жасалған киімдер тез созылып, қойдың жүнінен жасалған киімдер бірқалыпты әрі жылы болады екен.

– Мен бұл қолөнермен бала күнімнен бері айналысып келемін. Қазір жасым 70-тен асса да қолөнерден қол үзген емеспін. Қазіргі жас буын көріп үйренсін деген ниетпен түрлі қолөнермен айналысып келемін. Жаздай жүнді иіріп, қысқа дейін тоқып қоямын. Ауылдағы қарапайым жұмысшылар мен жергілікті тұрғындар жыл сайын өздеріне, немере-шөберелеріне аяғы мен кеудесі жылы жүрсін деп кеудеше мен шұлыққа жиі тапсырыс береді. Жүн иіріп, тоқыма

тоқу – машақаты көп жұмыс. Үйде де қой бар және ауылдағы ағайындардың қойларының жүнін үйге әкеліп жуып, иісі кеткенше арнайы сусабындар қосып екі-үш күн суға салып қоямын. Қайта-қайта таза сумен жайып, кептіріп аламын. Содан соң жүнді тазарту үшін түтіп, иіріп аламын. Сырттай қараған жаңға оңай болып көрінгенімен, бір таяқтың бойына иірілген жіпті ұқыпты жинай білу де – үлкен өнер. Қос таяқшамен жұмыс жасау арқылы, көздің майын алатын жұмысты тек қолынан іс келетін жандар ғана жақсы түсінеді, – дейді ол.

Айта кетейік, бұрын кейіпкеріміз сауын фермасында жұмыс жасаған. Зейнеткер әжеміз – 6 баланың анасы, 22 немеренің әжесі. Қазіргі таңда Таң ауылдық мәдениет үйі жанынан құрылған «Таң әжелері» ансамблінің мүшесі.

Қазір базарда түрлі түсті көздің жауын алар жіптер көп. Десе де, кейіпкеріміз жүн түтіп, ұршық иіріп еңбектенудің өз рәхаты барын айтады. Қалдыгүл әже бұрын өз қыздарын ши тоқып, киіз басуға баулыған. Бүгінде бір-бір үйдің отанасы атанған қыздары қолөнерден еш қиыншылық көрмей, үйге қажетті дүниелерін өздері тігіп алады. Ал қазір кейіпкеріміз бұл өнерді немерелеріне

үйретіп, тапсырыс көп кезде олардың көмегіне жүгінеді.

– Жыл сайын жолдасым мен ұлдарыма қыс мезгілі жақындағанда қой жүнінен жасалған кеудеше мен қолғап, шұлыққа Қалдыгүлге тапсырыс беремін. Олар көбіне сыртта жүретіндіктен қой жүнінен жасалған киімнің пайдасы зор. Жылуды жақсы сақтап, су мен дымқыл өткізбейді. Ертеректе ата-бабамыз қой жүнімен біраз аурудан айыққан. Қой жүні адам бойындағы суықты тартып алып, жараны тез жазатын қасиетке ие, – дейді ауыл тұрғыны Бақыт Пірәлиева.

Кейіпкеріміз бұл мұраны көзінің қарашығындай сақтап, жас ұрпаққа үйретуді өзіне мақсат еткен. Бұл қолөнер бүгінде толық сақталып қалмағанымен кейіпкеріміз секілді ауылда бірең-сараң әжелер бар. Осыған қарап, қазақтылықтың қаймағы бұзылмаған аядай ғана ауылда ұршықтың деурені өлі де өте қоймағанын аңғардық. Себебі бұл қолөнер кейіпкеріміз секілді ақжаулықты аналарымыз барда өміршеңдігін жоймай-тыны анық.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Пікір

2025 жылы 8 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президенті «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Онда Президентіміз «Кезінде біздегі «әлеуметтік саланың жанауырлары» толық емес отбасы деген жеңілдікке мұқтаж адамдар санатын ойлап тапқан еді. Соның салдарынан ажырасқан отбасылар саны күрт өсіп, біз бір кезде бұл көрсеткіш бойынша әлемде «көш бастаған» елдердің қатарына қосылдық. Мұндай мысалдар аз емес. Осылайша біз өзіміз жалқаулық пен масылдыққа жол беріп отырмыз. Отбасы мүшелерінің барлығы дерлік нысаналы әлеуметтік көмек пен жәрдемақы алатын болса, жұмыс істеді де қажеті бар? Тұрасын айтсақ, әлеуметтік салада оңтайлы шешім қабылдаудың орнына Үкімет кемінде 15 жыл бойы әлеуметтік масылдық пен әлеуметтік алаңқтыққа жол беріп келді» деген болатын.

Әлеуметтік көмек:

масылдық па, әлде мұқтажға қолдау ма?



Жалағаш ауданы бойынша 2025 жылы атаулы әлеуметтік көмекке 78 отбасының 491 мүшесіне 23,6 млн теңге төленді. Бір жастан алты жасқа дейінгі балаларға қосымша қолдау ретінде 155 балаға 4,1 млн теңге берілді.

Бұл 2024 жылмен салыстырғанда 294 адамға азайып, 37 пайызға төмендегенін көрсетеді. Мұның себебі бір жағынан табыстың өсуінде болса, екінші жағынан көмектің нысаналы бағытталуында.

Жалпы 2024 жылы атаулы әлеуметтік көмекке бюджеттен 146,5 млн теңге қаралып, мақсатты жұмсалудың нәтижесінде 89,9 млн теңгесі үнемделіп, бюджетке кері қайтарылды. Ал 2025 жылы 199,8 млн теңге қаралса, оның осы кезге дейін үнемдеу есебінен 79,2 млн теңгесі бюджетке кері қайтарылды.

Бұрынғы тәжірибелер көрсеткендей, әлеуметтік жеңілдіктердің артық берілуі қоғамда масылдық пен алаяқтыққа жол ашқан еді. Кейбір отбасылар үшін жәрдемақы негізгі табыс көзіне айналып, еңбекке деген ынта өлсіреген жағдайлар да болғаны жасырын емес. Бұл құбылыс тек бюджеттік шығынды арттырып қоймай, отбасылық институттың әлсіреуіне де әсер еткен.

Дегенмен басты міндет – көмекке мұқтаж жандардың қамтылуын қамтамасыз ету және еңбекке ынталандыруды күшейту. Әлеуметтік қолдау тек өмірлік қиын жағдайда қалған азаматтарға тірек болып, халықты масылдыққа емес, белсенді еңбекке жетелеуі тиіс. Қазір Үкімет көмекті шынымен мұқтаж жандарға бағыттап, еңбекке ынталандыруға ден қоюда.

Қанат БӨЛЕМБАЕВ,
аудандық жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы

Сегіз айдың жұмысы сараланды

СӘРСЕНБІДЕ
АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТТЫҢ
КЕЗЕКТІ 33-СЕССИЯСЫ
ӨТТІ. ЖИЫНҒА
АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТАРЫМЕН
ҚАТАР АУДАН ӘКІМІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ
Ә.ДӘРМАҒАНБЕТОВ,
КЕНТ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГ ӘКІМДЕРІ, БӨЛІМ,
МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ
ҚАТЫСТЫ. СЕССИЯ
ОТЫРЫСЫН АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫ
ӨМІРЗАҚ ЕЛЕУСІНОВ
ЖҮРГІЗДІ.

Бес мәселе қамтылған сессияда алдымен аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі басшысының есебі қаралды. Сондай-ақ аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы да атқарылған жұмыстарды кеңінен тарқатты. Мұнан бөлек Жалағаш кентінің әкімі өзіне жүктелген функциялары мен міндеттерінің орындалуын баяндаса, Еңбек ауылдық округі әкімі ауылда жыл басынан бері атқарылған жұмыстарға тоқталды. Соңында «Жалағаш ауданы әкімдігінің дербес құрамына келісім беру туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2024 жылғы 14 ақпандағы №14-5 шешіміне өзгерістер енгізу жайы қаралды.

8 айда 2811 шағын және орта кәсіпкерлік тіркелген

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Қайрат Жапбасбаев баяндама жасады. Ол биыл 8 айда тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2811-ге жеткенін айтады. Бүгінде оның 2 714-і яғни 96,5 пайызы нақты жұмыс жасап тұр. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері арқылы 4440 адам жұмыспен қамтылған. Ауданда биыл 7 айда макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша өсім қалыптасқан. Ауданның өнеркәсіп өнімдерін өндіруші мекемелері мен кәсіпорындары және жеке секторларын арқылы 7 айда 24 млрд теңгенің өнімі өндірілген. Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 11 млрд 986,4 млн теңгеге орындалған.

Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында ауданда қыркүйек айына дейін 218 жоба 2 млрд 960,5



млн теңгеге қаржыландырылған. Оның ішінде «Ауыл аманаты» жобасы аясында 109,4 млн теңгені құрайтын 22 жоба бар. Аудандық мәслихат депутаты Гүлзат Құрманбаева мен Ғани Дүйсекбаев кейбір жобалардың қаржыларына байланысты нақты сұрақтарын қойды. Осы мәселе бойынша жарыссөзге шыққан аудандық мәслихат депутаты Б.Әбдіреева ауданда кәсіпкерлік саласының жылдан-жылға дамып келе жатқанын айтты. Кәсіпкерлік саласының дамуы халықтың жұмыспен қамтылуына оң әсерін тигізіп отырғанын жеткізді. Сонымен қатар Б.Әбдіреева күннен-күнге жанармай мен азық-түлік бағасының өсуіне байланысты мониторинг жұмыстарын күшейтіп, бағаның бақылауда болуы қажеттігін қаперге салды.

Жалағашта діни ахуал тұрақты

Екінші мәселе бойынша аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Ж.Еспенбет баяндама жасады. Аудандық қоғамдық-саяси маңызды шаралардың күнтізбелік жоспарына 55 шара енгізіліп, іс-шаралар уақытылы ұйымдастырылып, ақпараттандырылған. Жалағаш ауданы бойынша бүгінде қоғамдық саяси және діни ахуал тұрақты. Жаппай наразылық акциясы, бейбіт жиналыстар, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру, конфессияаралық сипаттағы дау-жанжалдар орын алмаған.

Биыл БАҚ және интернет кеңістігінде 426 мақала шыққан. Ақпарат саласын қолдауға 19,3 млн теңге қаралған. 2025 жылға үкіметтік емес ұйымдармен жүзеге асырылатын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша 7 жобаға 24,7 млн теңге бөлінген. Сонымен қатар дін

қызметкерлерінің қатысуымен діни-ағартушылық жұмыстарды ұйымдастыру бойынша 1 жобаға облыстық дін істері басқармасы арқылы 17,2 млн теңге бөлінген.

Биыл алты айда үкіметтік емес ұйымдармен 300-ге жуық іс-шара өткізіліп, 6 мыңға жуық тұрғын қамтылған. Аудан кезінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты 16 мешіт бар, оның ішінде екеуі аудан орталығында орналасса, 14-і ауылдық елді мекендерде. Мешіттерде қызмет жасайтын барлық имам Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бұйрығымен тағайындалған.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында діни экстремизмнің алдын алу бағытында 2 жоба жүзеге асырылған. Аудан бойынша 110 көрнекі үгіт-насихат құралдары орналасқан. Оның ішінде тұғыр саны – 59. Депутат Өмірзақ Елеусінов, Гүлжайна Айтжанова мен Қуат Ахетов «QYZYLORDA–TV» каналы арқылы көрсетілген түсірілімдер саны туралы, үкіметтік емес ұйымдарға конкурстық өту тәртібі мен қаржысы, әлеуметтік сала бойынша жүргізілетін жобалар, елді мекендердегі билбордтар мен «Жалағаш жаршысы» газетінің қаржыландырылуы туралы бірқатар сауалына жауап алды.

Осы мәселе бойынша жарыссөзге шыққан аудандық мәслихат депутаты Ерлан Боранбаев ауданда қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын, әлеуметтік желілер арқылы ауданда туындаған мәселелер бойынша жауап беріліп отырғанын, үкіметтік емес ұйымдармен ауданда өткізілген шаралар туралы айтты. Сондай-ақ ол қазіргі уақытта жат ағымның жетегінде жүрген азаматтар

ауданда тіркелмегеніне қарамастан, бұл жұмысқа салғырттық танытпай, мешіттерге келген әр адамның жүріс-тұрысы, киімі, байланыстары бақылауда болса деген ұсынысын білдірді.

Үшінші мәселе бойынша Жалағаш кенті әкімінің орынбасары Талғат Нұрсейітов және төртінші мәселе бойынша Еңбек ауылдық округінің әкімі Б.Балхановқа депутаттар 27 тамызда өткен аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысында берілген ұсыныстардың орындалуы туралы сұрақ қойып, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасына, көркейту-көгалдандыруға, абаттандыруға кент әкімі аппаратына бюджеттен қаралған қаржы көлемінің жеткілікті екенін, әрбір ұсыныстың артында сайлаушылар тұрғандықтан оның орындалуын қамтамасыз етуді сұрады.

Бесінші мәселе бойынша аудан әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің бас инспекторы Дәурен Аялов хабарлама жасады. Сессияда қаралған мәселелер бойынша шешім жобалары бірауыздан қолдау тапты.

Сессия жұмысын аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов қорытындылап, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дүіріндегі Қазақстан» өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған мәселелерге тоқталып, депутаттарды Жолдаудың әр тармағын іске асыруға, Президенттің берген әр тапсырмасын орындауға барынша атсалысуға шақырды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Брифинг

«Face ID»: жалған ақпаратқа жол жоқ

Аудандық мәслихаттың мәжіліс залында аудандық аурухананың бас дәрігері Еркебулан Мақсұтұлы БАҚ өкілдерінің қатысуымен баспасөз брифингін өткізді. Брифингте аудандағы денсаулық сақтау саласында енгізіліп жатқан заманауи технологиялар мен өзекті мәселелер жан-жақты талқыланды.

Брифингте көтерілген мәселенің бірі – аудандық емхананың заманауи Face ID технологиясы, оның медициналық ақпараттық жүйелерге толықтай бекітілгені және технологиялардың дәрігерлер мен пациенттер үшін ыңғайлы қолдануы жайында болды. Спикер БАҚ өкілдеріне бұл жүйе тұрғындарға қызмет көрсетуді жеңілдетіп, тіркеу мен қабылдау процесін автоматтандыруға мүмкіндік беретінін жеткізді.

– 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығына сәйкес, еліміздің барлық медициналық мекемелерінде Face ID технологиясы қолданылып келеді. Бұл жаңалық денсаулық сақтау саласын цифрландыру жолындағы маңызды қадам ғана емес, сонымен бірге азаматтардың медициналық қызметке деген сенімін арттыруға бағытталған озық бастама болып табылады. Жалағаш аудандық ауруханасында бұл заманауи жүйе 2025 жылдың 8 қаңтарынан бастап жұмыс істеп жатыр, – деді ол.

Face ID – бет-әлпеттің бірегей биометриялық параметрлері арқылы адамның жеке басын автоматты түрде анықтайтын технология. Дәрігерге барған кезде арнайы камера пациенттің бет-әлпетін сканерлейді, содан кейін бұл деректер мемлекеттік база арқылы



тексеріледі. Face ID технологиясы медициналық ақпараттық жүйелерге толықтай біріктірілген, бұл дәрігерлер мен пациенттер үшін процесі жылдам әрі ыңғайлы етеді. Енді дәрігердің қабылдауына кіретін әрбір азамат жеке бас дерегін осылай растайды. Дәрігердің қабылдауына кіргенде сізді бейнекамераға түсірсе қорықпаңыз, себебі бұл фейс-айди сәйкестендіру жүйесі жүріп жатқанын білдіреді.

Жоба науқастардың медициналық мекемеде көрсетілген қызметтерін нақты тіркеуді қамтамасыз етеді. Сондай-ақ қызмет көрсету сапасын бақылау мен жалған жазбаларға жол бермейді.

Еркебулан Мақсұтұлының айтуынша, аудандық емханада барлық аймақтық дәрігерге, бейінді мамандарға, сонымен қатар науқастарды қабылдау кабинеттерінде Face-ID құрылғылары орнатылған. Барлық қызметкерлер қажетті оқыту процесстерінен өтіп, бүгінде жүйені енгізу жұмыстары тоқтаусыз қызмет атқаруда.

Сондай-ақ «Әлеуметтік әмиян» жобасы аясында қызметтің жаңа түрі енгізілген. Оның артықшылығы көп. Мәселен, диспансерлік есепте тұрған

пациенттер МӘМС, ТМҚК шеңберінде кезекті дәрі-дәрмегін аламын деп енді емханаға сабылмайды, жалпы тәжірибелік дәрігерге де кезекке тұрмайды. Бар болғаны платформада дәрісінің таусылғаны туралы хабар қалдырып, дәрігердің нұсқауын күтеді. Егер дәрі-дәрмек тағайындалса, оны тіке емхананың дәріханасынан кезексіз алады. Бұл платформа сала мамандары мен тұрғындардың жұмысын ширатуға өзіндік үлесін қосып отыр.

Мұнан бөлек спикер DamiMed мобильді қосымшасының артықшылығын айтты, яғни әрбір 18 жастан асқан азамат пен азаматша смартфонға DamiMed қосымшасын жүктеу арқылы үйде немесе жұмыста отырып дәрігерге алдын ала жазыла болады. Сонымен қатар қосымшаға тіркеліп, дәрігерді өзіне ыңғайлы уақытта үйге шақыра алады. Ал 18 жасқа толмаған балалар мен жасөспірімдердің дәрігерге жазылуы ата-анасының ұялы телефонына жүктелген eDoc mobile қосымшасына немесе каспий қосымшасына кіріп, 6 таңбалы кодты айту арқылы тіркей алады.

Брифинг барысында спикер әрбір науқас тұрғылықты жері бойынша ме-

дициналық ұйымға тіркелу қажеттігін, олай болмаған жағдайда қызмет көрсетуден бас тартылатынын ескертті. Дәрігерге алғаш көрінуге келген әрбір пациент жоғарыда айтып өткеніміздей, DamiMed мобильді қосымшасы немесе емхананың тіркеу бөлімі арқылы аймақтық дәрігерге тіркеліп, содан кейін ғана денсаулық жағдайына байланысты әрі қарай тар бұйынды мамандардан кеңес ала алады.

Айта кетейік, қазіргі таңда мекемеге тіркелген тұрғындардың жалпы саны – 121 212. Емханада барлығы 850 адам жұмыс істесе, оның ішінде 92-сі – дәрігер, 429-ы – орта медицина қызметкері.

– Емханада кезектің көбеюіне бір емес, бірнеше жағдай әсер етеді. Тек цифрландыру арқылы кезекті реттейміз десек, қателесеміз. Жаз-құз айларында жұқпалы аурулар өршіп, кезек еселеп көбейеді. Кейбір пациентті 15 минуттың ішінде қарау іс жүзінде мүмкін емес. Өйткені біздің басты міндетіміз – әрбір пациентке сапалы медициналық көмек көрсету. Цифрлық жүйе енгізілгені электронды кезекке біз мүлде араласа алмаймыз. Кейде дәрігерге жазылған уақытта келмейтін пациенттер болады. Өкінішке қарай осындай пациенттер емханаға жазыла алмай жүрген өзге пациенттердің орнын басып қалады. Егер пациент емханаға келмейтін болып, жазбасын алып тастаса, оның орнына өзге пациент сол уақытқа жазылар еді. Мысалы, бұл мәселені цифрландыру шеше алмайды. Әр адам дәрігердің жұмысына жауапкершілікпен қараса жеткілікті. Осы орайда аудан тұрғындарын жаңа жүйенің мүмкіндіктерін пайдалануға шақырамыз. Жаңа цифрлық жүйе – болашаққа жасалған қадам, ол денсаулық сақтау саласын қолжетімді, қауіпсіз және сенімді етеді, – дейді Еркебулан Мақсұтов.

Бас дәрігер брифинг соңында БАҚ өкілдері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауап беріп, алдағы уақытта ауданда денсаулық сақтау саласын жақсартуға әлі де талмай еңбек ететіндерін жеткізді.

Ақоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Құрметті Қызылорда облысының тұрғындары!



Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығы, подполковник Шаңқұлов Жасұлан Бегенбайұлының ресми Instagram @ddo_kyzylorda_1, парақшасының ашылғандығын хабарлаймыз. Бұл парақшаның басты мақсаты – әрбір облыс тұрғыны үшін ақпараттың ашық әрі қолжетімді болуы. Мұнда сіздер келесідей өзекті мәліметтерді таба аласыздар:

- мерзімді әскери қызметке шақыру тәртібі;
- шақыру науқанының кезеңдері;
- біздің өңірде шақыру қалай жүргізілетіні;
- шақыру туралы SMS-хабарлама алған жағдайда не істеу қажеттігі туралы;
- әскерге шақырылушының заңды түрде шегерім немесе босатылу жағдайлары;
- әскерге шақырылушылар мен олардың ата-аналарына қатысты жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар.

Бұл парақша әскери қызметке қатысты барлық мәселелер бойынша нақты әрі түсінікті жауап алу үшін жұмыс жасайды. Парақшаға жазылып @ddo_kyzylorda_1, жаңалықтарды бақылап отырыңыздар.

2025 жылғы 3 тоқсанда Жалағаш ауданы әкімінің аппаратында аудан әкімінің, оның орынбасарлары мен аппарат басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Ибраимов Ардақ Әбдіғашпарұлы	Аудан әкімі	Жұма күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
2	Байнахатов Әліби Қолдарұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Бейсенбі күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
3	Дәрмағанбетов Әнуарбек Шәкірәтұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Дүйсенбі күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
4	Сұлейменов Ғани Кенжетарұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Сейсенбі күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
5	Дүйсекеев Жасұлан Талғатұлы	Аудан әкімі аппаратының басшысы	Сәрсенбі күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын

ЖОБА

Темірбек Жүргенов ауылындағы көшелерге атау беру туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес, облыстық ономастика комиссиясының 2025 жылғы 26 тамыздағы №2 қорытындысы негізінде Мақпалкөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ** ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мақпалкөл ауылдық округінің Темірбек Жүргенов ауылындағы келесі көшелерге:

- 1) елді мекеннің солтүстік батысындағы атауы жоқ көшеге «Шәкен Құнтуаровтың» есімі;
- 2) елді мекеннің солтүстік шығысындағы атауы жоқ көшеге «Кеншілік Жылқыбаевтың» есімі берілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мақпалкөл ауылдық округінің әкімі

Б. Тунғышбаев

ЖОБА

Көшелерге атау беру туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 37-бабына облыстық ономастика комиссиясының 2025 жылғы 26 тамыздағы №2 қорытындысына сәйкес Жалағаш кентінің әкімі **ШЕШІМ** ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кентіндегі келесі атауы жоқ көшелерге:

- 1) «Наурыз» учаскесіндегі №1 көшеге «Сәрсенбай Ахметов» есімі;
- 2) «Наурыз» учаскесіндегі №2 көшеге «Исатай Әбдікерімов» есімі;
- 3) «Береке» учаскесіндегі көшеге «Жұбатыр Тоқбосынов» есімі берілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш кентінің әкімі

М. Жамалатов


2025 жылғы IV тоқсанға Еңбек ауылдық округі әкімі аппаратында ауыл әкімінің азаматтарды және заңды тұлға өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін қабылдау кестесі

р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адам (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Балханов Бахытберген Мархабаевич	Еңбек ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі сағ.10.00-12.00-ге дейін	Еңбек ауылы Толтеген Дауитбаев көшесі №4	33-1-22



Болмысы бөлек тұлға

Жалағаштан шығып, Қызылорда қаласына бет алғаныңызда Қалжан ахунның мектеп-медресесінің тұсындағы қорымның қасынан өтесіз. Ой жарықтық, бұл қорымда кімдер жатыр дейсіз! Жалағаштың табанынан шыққан небір марғасқаларың осы қорымда мәңгілік тыныстап жатыр. Қорымның қасынан өткенде көлігіміздің жылдамдығын бәсеңдетіп, білетін дұға-тілегімізді айтып, бет сипаймыз. Олар да әрі өткен, бері өткен жолашушыларға ақ жол тілеп, желеп-жебеп жатқандай. Дәл жолдың жиегіндегі қызыл кірпіштен өрілген кесенедегі «Кенжеғара» деген ірі жазуды көргенде ерісіз жүрегің бір бұлқындай болады. Бұл кесенде жатқан өзіміздің Кенжекең, елдің ыстық ықыласына ие болған, өзін құрметтейтін Кенжеғара Сүлейменов ағамыз.



Бірақ неге екені белгісіз, бұл кесенде Кенжекең жатпаған секілді. Кенжекең ауылдағы үйде, газет оқып, теледидар көріп, мемересін алдына алып отырғандай болады. Ауылдағы бір шараларда ардагер-ақсақалдармен бірге жүргенде, кездесіп қалып, «Ой, Түреке, қалай шаруа, амансыңдар ма, Сәуле қалай, жақсы ма?» деп бір қарқылдап күліп алдыңнан шығатындай. Кенжекеңмен үнемі байланыста болып, көпшіліктің ортасында, халықтың алдында көріп жүргенсің бе, ол өлмеген секілді, көңілің сөнбейді. Мәдениет үйіндегі, руханият орталығындағы үлкен жиындарда бірінші қатарда ардагерлермен бірге Кенжекең де отырғандай болады...

1972 жылы тамыз айының әдемі күндерінің бірі еді. Қою қара шашын оң жағына қайырған, боз костюм-шалбар, ақ көйлек киіп, қара галстук таққан, қолында жеңіл папкасы бар қара торы жігіт Совет көшесіндегі аупартком үйіне келіп кірді. Бірінші қабаттағы. «Ұйымдастыру бөлімі С.Шадаев» деген жазуы бар кабинеттің есігін қағып, ішке енді.

— Ассалаумағалейкүм, Сәке, — деді кабинеттің төрінде отырған жасы қырықтың қырқасына шыққан, аққұбаша келген, ат жақты жігіт ағасына қолын ұсынып.

— О, Кенжеғара, жол болсын, әли-құмсалам, көл отыр, — деді ол Кенжегараның қолын алып, алдындағы орындықты нұсқады.

Кенжеғара орындыққа жайғасқасын, алдындағы қарап отыған қағаздарын оң жаққа ысырып қойып:

— Қалай, үй іші, отбасың аман ба, қашан келдің, шаруаларың қалай? — деді.

— Сәке, жақсымың, шаруа жақсы, оқуды бітіріп келе жатырмын, дипломды алдық, төрт жылдың қалай өткенін білмей қалыппыз, Сәке, — деп бір күліп алды.

— Ой, уақыт деген жүйрік қой, дұрыс болған, құтты болсын! Қанекей, құжаттарыңды әкел көрейін.

Кенжеғара қолындағы құжаттар салынған папканы берді.

— Сенің келетіннен хабарым бар, Садық айтаң. Так, қазір бірінші хатшыға кіреміз, — деді де Кенжегараның құжаттарын бір шолып қарап шықты.

— Сен енді қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мүғалімісің ғой, бұл енді нағыз халықпен жұмыс істеуге керек мамандық. Дипломын тамаша, барлық сабақтан бес екенсің.

Құжаттарды жинақтап, папкаға қайта салып, алдында тұрған телефон тұтқасын алып, қажетті нөмірге қоңырау шалды. Ар жағынан тұтқаны алған болуы керек, «Бастық өзінде ме?» деп сұрады.

Жүр, кеттік, хатшыға барайық, өзінде екен, — деп телефон тұтқасын ұясына қоңдырып, орнынан тұрды. Екеуі екінші қабатқа көтерілді. Оң жақтағы кабинеттің есігінде «Қазақстан Компартиясы Жалағаш аудандық комитетінің бірінші хатшысы Сұлтан Аманов» деген жазуды көрді. Бұлар кабинетке кіргенде хатшы әлдікөкіммен телефонмен сөйлесіп отыраты екен. Бұларға отыра беріндер дегенді қолымен ишарален білдірді. Екеуі алдындағы екі орындыққа жайғасып, хатшының телефонмен сөйлесіп болуын күтті. Бір майданнан соң хатшы сөйлесіп болып, телефон тұтқасын орнына қойды.

— Сұлтеке, Кенжеғара Сүлейменов деген ініміз, пединститутты бітіріп келіп жатыр. Осы елдің түлеп, комсомол ұйымына алсақ па деп жоспарлап отырмыз, — деді Сәдуа амандық-саулықтан кейін.

Хатшы байсалды қапсы Сәдудің ұсынған құжаттарын қарап отыр. Қазақша, арасында орыс тілінде сөйлейді. Кенжегараның анкетасымен, қысқаша ғана өмірбаянымен танысып шықты. Алдындағы қағаздан көзін алмаған қалпы:

— Оқуды жақсы аяқтапсың, озат, үздік студент болған екенсің. Бізге осындай жастар керек, жұмысты сендер істемегенде кім істейді? Комсомол — үлкен мектеп, тәрбие мектебі, өмір көресің, халықпен араласасың. Жастар таза жүру керек, ертең осы елдің егесі өздерің. Ел қорғаған батырлардың бәрі комсомолдан шыққан. Комсомолдың алты ордені бар екенін білесің. Нағыз жұмыс істейтін кездерің ғой, жасың болса міне, биыл жырмадан асыпсың, кіріс жұмысқа, сәттілік тілеймін, — деді бірінші хатшы...

Ұзақ жыл партия-кеңес қызметінде абыройлы, жемісті өңбек еткен Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, «Құрмет белгісі» орденінің, тәуелсіз

Қазақстанның «Құрмет» орденінің иегері, қайраткер ағамыз Кенжеғара Сүлейменовтың еңбек жолы осылай басталған еді.

— Сөйтіп мен ағамыздың ақ батасымен партия-кеңес қызметіндегі еңбек жолымды Қазақстан ЛКСМ аудандық комитетінің нұсқаушысы болып бастадым, — дейді Кенжекең.

Бұл кезде аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Әлиев Садық ағамыз еді. Жұмысқа кірісіп кеттім. Ол кездегі комсомолдың жұмысы деген шеті-шегі жоқ. Ол партияның ізбасары, барлық шараларда, ауқымды жұмыстардың басында комсомолдар жүреді. Бір жылдан кейін ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болдым. Одан әрі қарай екінші хатшы, кейін бірінші хатшы Мірзабеков Болат партиялық жұмысқа ауысты, Калинин (Қазіргі Бұқарбай баатыр ауылы) совхозына партия комитетінің хатшысы болды. Мән ол кісінің орнына жеңіл хатшы болдым. Сөйтіп 1972 жылдан 1981 жылға дейін он жылдай комсомол мектебінде әбден шықпалдым, қайнап, пістім десем болады.

Сол кезде Ақсу совхозында парторг болып істейтін Төлеген Аштанбаева апамыз басқа жұмысқа ауысты да, Ақсудағы парторгтың орны бос тұрған. Совхоз директоры ауыл шаруашылығының көрнекті қайраткерлерінің бірі Тұңғышбаев Әмірзақ ағамыз еді. Өмекенді бұрыннан танимың, аға-іні болып сыйласып, араласып жүретінбіз. Мені ауылға шақырып жүретін, Өмекен бір кездескенде «Кенжеғара, Төлеген апаң басқа жұмысқа ауысып кетті, ауылға келсеіші. Аупартком бір жігіттерді ұсынып отыр, бірақ өзін қаламай отырмын. Сен келсең, жақсы болар еді» деді.

— Өмеке, сізбен бірге жұмыс істесек қанекі, аупартком қайда жіберсе, сонда барамыз ғой, — дегенмін.

— Ол кезде де жастар жетекшісі болу мерзімі отыз жасқа дейін ғой. — Иә, комсомолда негізі отызға дейін ғана істейді. 1981 жылы менің жасым отызға толды. Өмекен бірінші хатшыға кіріп, мені ауылға жіберуін сұраған болуы керек. Бұл кезде аупарткомның бірінші хатшысы Қонысбек Қазантаев ағамыз. Бір күні бірінші хатшы шақырып:

— Кенжеғара, комсомолда он жыл қызмет істепсің, комсомол енді саған риза шығар. Ауданның жастар ұйымына ерекше үлес қостың, бұл үшін өзіңе алғыстан басқа айтармын жоқ. Тәжірибе жинадың, енді жастармен емес, үлкендермен халықпен жұмыс істеу керек. Ақсу совхозына бастауыш партия комитетінің хатшысы болып барсаң қайтеді? — деді.

— Қоңеке, біз партияның жауынгеріміз ғой, сенім білдіргеніңізге рахмет, барамын, — дедім мен.

Сөйтіп 1981 жылы Ақсу совхозына парторг болып бардым. Обкомның бүкіл кабинетін аралап, ең соңында обкомның бірінші хатшысына кірізді. Ол кезде обкомның бірінші хатшысы Исатай Әбдіқаримов ағамыз еді. Жарықтық, Исекең әлі көз алдымда, біз кіргенде радиодан жаңалық тыңдап отыр екен. Сол кезде теледидар жоқ па, жанындағы үстелде үлкен радио саңқылдап айтып жатыр. Португалия компаниясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Коста Комиш Мескуеге келіп, Брежнев күтіп алып, келіссөз жүруде. Радио осы жаңалықтарды айтып жатыр. Мені алып кірген обкомның партиялық-ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Жем-құжый деген кісі еді. Исекең сол кісіге қарап «Борис Григорьевич, сөз кідіріңіздер, мына жаңалықты тыңдайық» деді.

Сөлден соң жаңалық аяқталды да Исекең бізге бұрылды. Жем-құжый мені таныстырып жатыр.

— Жаңа кадр. Жалағаш ауданының Ақсу совхозына партия комитетінің бірінші хатшылығына ұсынылып отыр.

— А, Жалағаштан ба, — деп Исекең менің құжаттарымды қарай бастады.

— Дұрыс, комсомолда істепті, сырттай ауыл шаруашылығы институтында оқып жатыр екенсің. Мен сіздің үйде болдым ғой. Ой, Жалағаш деген менің де елім ғой, мен батыр деген атағымды 1971 жылы сәуір айында Жалағашта жүргенде алғанмын.

Ақсақал соғыс ардагері еді. Жалағашта болған кезде біздің үйде болғанын есіне түсірді.

— Сонда бала оқып жатыр деп отырушы еді, сол бала сен екенсің ғой. Дұрыс, ауыл шаруашылығын да сырттай оқып алу керек, мен де сырттай оқығанмын. Ертең елге тұтқа болатын сендер, қадамың сәтті болсын! — деп қолымды қысты Исекең.

Сөйтіп Исекеңнен бата алып, Ақсу

совхозында Өмекенмен бірге 1986 жылға дейін бес жыл жұмыс істедім. Мән сол кезде аудандағы ең жас парторг болдым. Бұл өзіңше бір мектеп болды. Өмірімнің осы кезеңін айтқанда марқұм Өмекен ағамызға соқпай кетуге болмайды. Ауыл шаруашылығының көрнекті қайраткері Әмірзақ Тұңғышбаев үлкен жүректі азамат еді. Мән ол кісіден көп нерсе үйрендім, ағамыз мемлекет жұмысына жан-тәнімен берілген шебер ұйымдастырушы болды. Айналасындағыларға қамқор, өзінен кейінгілерге аға бола білетін парасат иесі еді. Өмекеннің үйінің қонағы тыйылмайтын, Дина апамыздың дастарқаны жиылмайтын.

Совхозды Өмекен басқарған жылдары Ақсу барлық көрсеткіштер бойынша алдына ешқандай шаруашылықты түсірер жоқ. Озат, үздік шаруашылық ретінде ЦК КПСС, ЦК ВЛКСМ, ВЛКСМ және Министрлер кеңесінің біркең қаулысымен берілетін ауыспалы «Қызыл Туын» Ақсу совхозы жылда жеңетін.

Өмекенмен арамызда «Мән парторгпың мән директормың» деген сияқты әңгіме болған емес, екеуіміз аға-іні болып, ортақ мүдде үшін түсіністікпен, сыйластықпен жұмыс істедік. Бұл да Өмекеннің қарапайымдылығы, кішіпейілділігі еді.

Ол кезде партия-кеңес қызметкерлеріне жылына бір рет еліміздегі курорттарға, санаторияларға жеңілдікпен жолдамға беріліп тұрады. Қайда баратынындай айтып, обкомға өзін тапсырыс беріп қоясың. Жолдамға құнының отыз пайызын өзін төлеісің, жетпіс пайызын кәсіподақ көтереді. 1982 жылы сондай демалыстың сәті түсіп, Қырғызстанға Ыстықкөлге жолдамға алдым. Ақпан айы еді, қақаған аяз, құн суық, Сонымен жолға дайындалып, «Москва-Фрунзе» деген пойызға тәнертөң сағат 6.40-та Жалағаштан мініпін болдық. Керек-жарақ заттарымызды, сөкемімізді алып, сағат аттыларда апаң екеуіміз вокзалға келсек, Өмекен мән Дина атай тұр. Қолдарында сөмкелері, қасында біре-екі жәшік-қорабы бар. «Плыр-ай, Өмекен қайда бара жатыр, ешқайда жоқ жүремің демеген сияқты еді» деймін іштей. Әдетте совхоздың директоры мән парторгі екеуі бірдей демалысқа кетпейді, жолға шықпайды, аса бір қажетті жағдай болмаса, бірі кетсе, бірі ауылда болуы керек.

— Өмеке, ассалаумағалейкүм! Сіздер де жолға шықтыңыздар ма, жол болсын, — деп жатырмын мән.

— Үгәлейқұмсалам, өздеріңе де жол болсын, біз ешқайда бармаймыз, апаң екеуіміз өздеріңді шығарып салуға келдік, — деп қарап тұр.

— Обйай-ау, Өмеке-ау, нәсіне әуре болдыңыздар, таң атпай мына суықта, — деп біз өзіміз ықызыданбыз қалдық.

Расында совхоз директоры өзі келіп, бізді шығарып салады деп мұнда ойланғанын жоқ, Бұл да Өмекеннің үлкен жүректігі, парасаты азамат екенін айғақтап тұрған жоқ па. Әйтпесе директор — совхоздың бірінші тұлға, сол жердегі халықтың басшысы, елдің ағасы. Ал партия комитетінің хатшысы аупарткомның өкілі, оның үстіне жасым да біраз кіші. Бірақ Өмекен сасатын емес.

Ал інім, жақсылап демалып қайтындар, мынау жолдарыңа, апаларың әдейі сендер үшін дайындады, — деп тамақ, тоназыған ет, қазы қара, шайға кемпіт-пешеней салған сөмкені беріп жатыр.

Сөйтіп Ыстықкөлге барғанша Өмекеннің асын ішіп, қазы-қартасын жеп, ырып-жырап бардық, міне, Өмекен осындай еді.

Ой, небір ағаларымыз болды ғой. Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, облыстың бірінші әкімі болған марқұм Сөйілбек Шаухаманов ағамызбен де бірге жұмыс істедім. Мән комсомолда екінші хатшы болып жүргенде Шаухаманов Сөйілбек ағамыз аупарткомның екінші хатшысы болды. Комсомолдың жұмысы аупарткоммен салалас, тығыз байланыста жұмыс істеміз. Мән Сөкене жиі келемін. Бірде Сөкенің кабинетінде алдағы болатын шараларды ойланып, ақылдасып отырдық. Сөйтіп отырғанда кабинетке аупарткомның бірінші хатшысы Қонысбек Қазантаев кіріп келді. Қоңекен екеуіміздің отырғанымызды көріп:

— Ай, екеуің неғып отырсыңдар? — деді бізге сұраулы көзбен қарап.

Сөкенің сөз қалған ба, сонда марқұм бір жағы өзілдеп:

— Ой, Қоңеке, неғып отырайық, Кенжеғара да екінші, мән де екінші, екеуіміз бірі-бірімізден «Сенің біріншің қалай?» деп сұрап отыр едік қой, — деп күлді.

Сөкенің мына ұтқыр өзіліне өнше-

йінде онша күле бермейтін Қоңекен де күліп жіберді. Сөкенің осындай жеңіл гана шымшыма әзілдері болатын.

1986 жылы мән аупарткомға ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болып ауыстым. 1988 жылы аупарткомның хатшысы қызметіне келдім. Бұл қарапайым халық аупарткомның үшінші хатшысы деп атап кеткен аупарткомның идеологияжөніндегі хатшысы. Бұл кезде обкомның бірінші хатшысы елімізге белгілі, аты аңызға айналған қайраткер тұлға Еркін Нұржанұлы Әуелбеков еді. Аупарткомның хатшылығына барарда осы кісінің алдынан өттім. Ахметжанов деген обкомның ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі алып кірді мені. Құжаттардан өмірбаяныммен танысып, анкетамды көріп, ризашылығын білдірді. Құжаттарымды көріп болып, маған қарап:

— Егіс қалай қазір, кукуруза қалай? —деп сұрады.

Өзім күнде көріп жүрген жұмыстарым, қысқашалап егістің, жүгерінің жайын баяндадым, жүгеріге екінші культура жүргенін айттым. Менің әңгімеім мұқият тыңдап:

— Сендер қазақ жорқ дейсіңдер, дайын кадр ғой мынау. Шаруашылықты да, әкімшілікті де көрген осындай жігіттерді табу керек, — деп Ахметжановқа қарады...

Сөйтіп аупарткомның хатшысы қызметін 1991 жылға дейін істедім. Бұл көз тәуелсіздіктің қарсаңы еді. Елде түрлі өзгерістер болып, реформалар жүріп жатты. Коммунистік партия тараудың алдында тұрды. Бұл кезде аупарткомның хатшысы Бығали Қаюпов еді. Бір күні мен өзіне шақырды. Сол кезде болып жатқан саяси жағдайларға шолу жасай келе:

— Кенжеке, саяси кеңес құрылады, соған менің орынбасарым боласыз ба әлде шаруашылыққа барасыз ба? — деді.

— Өзіңіз қалай деп ойлайсыз, қай жағы елге тиімді, сол жағына барайың, — дедім мен.

Хатшы сөз ойланyp:

— Онда шаруашылыққа барғаның дұрыс болар, Ақсуға немесе Бұқарбайға бар, қайсысын қалайсың?

— Ақсуға барайын, — дедім.

Сөйтіп 1991 жылы Ақсу совхозына директор болып келдім.

— Кенжеке, қан тегіс соғыс болмағанмен тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ қой, сол алғашқы жылдары ең басты қандай қиыншылықтар болды?

— Қандай қиыншылық дерін бар ма, ол бір қиын жылдар еді ғой. Сол жылы Ел тәуелсіздікті жарияланды. Дербес мемлекет болдық. Бірақ тәуелсіздіктің алғашқы жылдары-ақ қиындықтар басталды. Алғашқы кездескен қиыншылық барлық дүниеің жеке-шелеуі еді. 1994 жылы ақпан айында Астана қаласында республика партия ұйымының басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қақтысуымен үлкен кеңес өтті. Кеңес ауданнан төрт адам барып қатысты. Ауданның сол кездегі әкімі Сәмит Далдабаев, екі директор, бірі мен, екіншісі Ақарқы совхозының директоры Мұстафа Мамытов және Қазақстанның XX жылдығы атындағы совхоздан (Қазіргі Мырзабай Ахун ауылы) Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Тұрлыбай Әбдіхалықов. Сол кезде ауданда біздің көрсеткішіміз жақсы болды. 2200 гектар күршітен 56-58 центнер өнім алдық, 100-ге 75 бұзау, 75 құлын алып жүрдік. Кеңеске бізді сондықтан алған болу керек.

Астанадағы кеңес екі күн болды. Тақырыбы жекешелендіру, «Жекешеленеміз бе, жоқ па, егер жекешеленсек, бұл шараны қалай жүзеге асырамыз?» деген сұрақтар төңірегінде ой-пікірлер айтылды. Кеңеске ауыл шаруашылығының майталмандары, экономис-ғалымдар қатысып, баяндама жасады. Бірінші күні айттыс-тартыс болып, бір шешімге келе алмады. Сонымен ертеңге тағы да жалғасты: «Сендер қызыл директорлар, жекешелендіруге қарсы болып отырсыңдар, биліктен айырылғыларың келмейді» деді Н.Назарбаев.

Сонымен не керек, ұзақ айттыс-тартыстан кейін ақыры барлығын жеке-шелендіретін болып келісіп тастастық. Ауылға келгесін аудан активтерінің, шаруашылық басшыларының қатысуымен жекешелендіруге байланысты үлкен жиналыс болды. Осындай жиналыстар әрбір ауылда болды. Бұл шараның мәнісін халық беріп түсіне қоймады. Жекешелендіруге удере қарсы шықты. Бірақ бізде басқа жол жоқ еді, амал жоқ, халықты түсіндіруге тура келді. Совхоз тұрғындарын бірнеше мәрте жинап алып, жағдайды түсіндіріп, әрбір тұр-

ғынның жер үлесін, мүлік үлесін бөліп бере бастадық. Ауыл тұрғындары туысқандар, шал баласы болып бөлінді.

Совхозды мемлекеттен қамтамасыз ету тоқтады, айлық-жалақы жоқ, қас-сада ақша қалған жоқ. Шаруашылық тарап, өндірістік кооператив құрылды. Енді мән совхоз директоры емес, өндірістік кооператив төрағасы болдым. Негізгі ауылдың 70-80 пайызы совхоздың бұрынғы ізі кооперативте қалды. 20-30 пайызы жеке қожалықтарға бірікті. Бұл бес-алты шаруашылық, өздерінің жер, мүлік үлесін бөліп алып, өздерімен-өздері шаруашылық жүргізуге кірісті. Жер үлесі болғанда жер мемлекеттік, белгілі бір мерзімге оның пайдалану құқығы берілді. Ал мүлік үлесі техника, түрлі ғимараттар, нысандар, мал тағы басқалар. Бұл үлестер еңбек өтіліне қарай бөлініп берілді. Еңбек өтілі аз болса, аздау, көп болса, көп дегендей. Сөйтіп мүлік үлесіне біреу трактор, біреу комбайн, енді бірі машина алды. Моңша, сауда орталығы, мал қоралары, басқа нысандар да сол мүлік үлесі ретінде совхоз тұрғындарына бөлініп берілді.

Қиындық осы кезде басталды. Совхоздың бүкіл дүние-мүлкі қолға таратылды, біз кооперативте азғанай бөлігін сақтап қалдық. Алдымызда «Өндірістік кооператив жұмысын қалай жүргіземіз?» деген мәселе көтерілді. Халық тұтынатын тауарлар, азық-түлік табу күн өткен сайын қиындай бастады. Бірде ауылдағы бір ағайын қайтыс болды. Ерте ауылдың ақсақалдары келді.

— Кенжеғара шырағым, марқұмды қалай шығарып салудың ретін білмей тұрмыз. Ол үйде иә үн жоқ, иә күрші жоқ, иә май жоқ, тіпті көбіңге атыққ шүберек те жоқ. Не істейміз деп өзіңе келдік, өзің бір амалын таппасаң, — деп маған салмақ салды.

Ауылдағы жағдай өзіме де белгілі еді. Дүкен сөрелері әлдеқашан босап қалған. Дүкенде үш литрлік бөкнідегі помидордың томат пасталары мән «Север», «Прибой» деген темекілер ғана қалған. Оны да ешкім алмағасын өтпей тұрған. Қайтыс болған адамды ретімен жөнелту керек. Жоқ деп отырау бола ма, қасыма инженер Наршаев Байнаны алып, қалаға тарттым. Байнаның бір «Запорожеж» маркалы жеңіл көлігі бар. Қажеттімізге сол жарады, соған там-тұмдап май тауып құйып, беріміз жабылып мінеміз. Басқа көліктің реті жоқ, болғанымен оған құятын май жоқ. Сонымен Байна екеуіміз қалаға келіп, шарлап іздеп, таңыс жігіттерден сұрастырып жүріп жиырма метр ақтықты «Соқырлар қоғамынан» таптық. Соның тілін цехында істейтін азаматтар арқылы ақтықты алып, базардан саудалап, ұнай алып көшке ауылға келдім.

Ел болсаңын біреу қайтыс болады, біреу келіп түсіріп жатады, қазақтың құдажолы, тойы қалмайды ғой. Осындай шараларға керек-жарақты қаладан малға айырбастап алып келіп жүрдік. Міне, осындай күндеміз де болған.

1993-1994 жылдары қаладағы жігіттерден сұрастырып жүріп, қытайдың күрші түіетін, бидай тартатын диірмендері еңкейді, май сығатын станок алып келдім. 300 гектар шемішке егіп, Құдайдың қарсаңы болар, сол жылдары өмірі болмаған өнім алдық. Сол шемішкеден май шығардық. Әйтеуір халыққа бірдене тауып беру керек, тыр-банып, жоқтаң бар жасап, тіршілік етіп жаттық.

Қолынан іс келетін азаматтардың жұмыс істеуіне жағдай жасадық. Сондай кісілердің бірі Ижанов Данабек еді. Бір күні Дөкенді шақырып:

— Дәке, осы ауылдан бір наубайхана ашсақ қайтеді, ұн табармыз, болмаса өзіміз бидай алып, диірменге тартармыз, — дедім.

— Кенжеке, мән оның жолдарың, жабдықтарың іздестіріп көрейін, — деді.

Бұл кезде Жалағаштағы үлкен наубайхана жабылған, жұмысы тоқтаған. Данабек сол наубайхананың нан кеметін қалыптарын, басқа да жабдықтарын алып келді. Сөйтіп ауылдағы бұрынғы сауда орталығы ғимаратының бір бөлмесінен шағын наубайхана ашып, нан көміп шығара бастады. «Қолың қимылдаса, аузың қимылдайды» деген емес пе, Дөкеннің наубайханасы сол бір қиын кезде ауыл тұрғындарының нәпақасы болды. Істің көзін білетін Данабек ағамыз сол жылдары бал арасын устайды. Ауылдың сыртында жаңышқалықта омарталары болды. Дөкеннің өндірген балын кооператив мүшелеріне айлық есібінде бердік. Осының бәрі айтуға оңай, бірақ сол кезде осы шаруаларды ұйымдастыру жұмыстары аса қиындықпен жүрді.

Мән директор болып келгенде совхозда 1800 сыыр, 1700 жылқы болды. Селбесінов Шахман, Аппазов Оңғар, Мылхамбаев Батырхан, Мәжит, Тәжібай Әлмұхановтар, Ертілов Балхашбай, жылқышы Мәншіріпов Төлештер мал бақты

Таланттар тоғысқан шаңырақ

Талай таланттың ауылдан шыққаны белгілі. Мың бұралған биші де, күміс көмей әнші де, ел намысын қорғайтын сайыпқыран спортшы да осында. Өнерлі жастардың басын бір арнаға біріктірген ауылдағы мәдениет үйінің тұрғындар үшін алар орны бөлек. Себебі мұнда сала қызметкерлері ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдаланып, түрлі үйірмелерге қатысуға септігін тигізуде. Осы ретте апта басында Таң ауылдық мәдениет үйіне арнайы барып, атқарылып жатқан жұмыстармен танысып қайттық.



Ұлттық өнерді ұлықтаған

Мекеме басшысының айтуынша, мұнда 2014 жылдан бастап «Алтын домбыра» жыр-терме үйірмесі жұмыс жасап келеді. Бүгінде үйірмеде 4 қатысушы бар. Олар әр аптаның жұма күні жетекші Нұрбек Әбдиевтен білім алады. Бірнеше аудандық, облыстық сайыстан жүлделі орын иеленген Бақытбек Дәулетбек ұстазының жолын жалғау үшін Қызылорда қаласында Қазанғал атындағы музыкалық колледжде білім алуда. Ал Әзімхан Қанатбеков облыстық «Бозторғай» балалар шығармашылығының аспапта орындау жанры бойынша алғыс хат иеленген.

Мен 9 сынып оқушысымын, үйірмеге 2023 жылдан бері тұрақты қатысып келемін. Үйде әкем мен атам домбырашы. Сол кісілерге қарап, бала күнімен домбыраға қызығып өстім. Ұстазымнан бірнеше терме үйірмеді. Атап айтсам, Сүгірдің термесі, Кете Жүсіптің термесі және «Қазақ осы» мен «Еркем-ай» сынды өндерді еркін орындай білемін, – дейді ол.

Мұнда 2002 жылдан бастап «Қоңыр үн» көркемсөз үйірмесі жұмыс жасап келеді. Үйірмеге ауылдағы №118 орта мектептің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Мейрамкүл Ойнарова жетекшілік етеді.

Үйірмеге 8 оқушы қатысады. Олар ұйымдастырылған түрлі мәдени шараларға белсене қатысып және аудандық, облыстық, республикалық байқауға да қатысып, жүлделі орындар иеленіп жүр.

Мәселен, бытыр «Ре-сол» шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен «Бабалар аманаты» III республикалық байқауына «Көркемсөз» номинациясы бойынша Нұрдида Жасұлан қатысып, Ташкент қаласына жолдама алған. Сондай-ақ Бесарық мәдениеті үйінің ұйымдастыруымен Илия Жансүгіровтың 130 жылдығына орай «Қазақ қазынасы» атты облыстық байқауда Азере Бақытбек II орын иеленген. Жуырда Руханият орталығының ұйымдастыруымен өткен «Құлақтан кіріп бойды алар» аудандық мәнерлеп оқу сайысына Назым Қожабек I орынмен марапатталған.

Қолөнер – қазақтың қазынасы

Қолөнер – халқымыздың ежелден келе жатқан бай мұрасы. Қолөнер үйірмесі балалардың шығармашылық қабілетін шыңдап, ұқыптылық пен еңбекорлыққа үйретеді. Шығармашылық пен шеберлік үйлесім тапқан үйірме аталған мекемеде 2020 жылдан бастап жұмыс жасап келеді. Жетекшісі Фалия Құлжаиеваның айтуынша, 16 оқушы әр аптаның бейсенбі күні осында келіп, түрлі бұйымдар жасайды. Ол қолөнер үйірмесінде балаларға ши тоқуды, тігуді, қалдық маталардан түрлі бұйымдар жасауды үйретеді.

Біз барғанда қатысушылардың ежелден халықтың тұрмыс-тіршілігімен бірге дамып келе жатқан ши тоқу өнерімен айналысып отырғанына куә болдық. Ши тоқыған кішкентай шеберлер оны кезінде халқымыз киіз үйдің есігіне, ошақ басын қоршап қоюға пайдаланғанын айтып, ұлттық қолөнерді ұлықтайтындарын жеткізді.

– 2022 жылдан бері үйірмеге қатысып келемін. Қазіргі таңда 6 сынып оқушысымын. Осында келгелі фетр матадан түрлі бұйымдар, сөмкелер, гипстан асық жасадым, бытырдан бастап ши тоқып үйреніп жүрмін. Нағашы әжем тоқыма тоқып, көрпеше тігеді. Мен де қолөнер саласын дамытып, түрлі бұйымдар жасап, кәсіп ашқым келеді, – дейді Ақдидар Бақытбек.

Үйірмеге қатысатын балалардың жеткен жетістігі аз емес. Оқушылар республикалық, халықаралық байқауларға қатысып, жүлделі орындармен оралып жүр. Бытыр «Ре-сол» шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен «Бабалар аманаты» III Республикалық байқауында «Қолөнер» номинациясы бойынша Жансезім Шағдарова Ташкент қаласында өтетін халықаралық байқауға жолдама жеңіп алған. Аталған байқауда өнерпазымыз I орынмен оралды. Сондай-ақ «Жібек жолы» орталығының ұйымдастыруымен «Талантты жұлдыздар» атты республикалық байқауда қолөнер жанры бойынша Гүлсезім Асқанхан бас жүлде иеленген. Ал аудандық оқушылар үйінде «Ашық азаматтық қоғам ақпараттық-ресурстық» орталығының ұйымдастыруымен республикалық III «JasSTAR» балалар, жасөспірімдер және жастар фестиваль-конкурсының аудандық іріктеу кезеңінде Г. Асқанхан I орын иеленіп, облысқа жолдама алған.

Сонымен қатар мұнда «До ми сол» балалар хор үйірмесі бар. Оған «Хор директоры» мамандығын бітірген №118 орта мектептің мәдени ұйымдастырушысы Бану Тажмакова жетекшілік етеді. Үйірмеге 12 бала қатысады. Ал «До мажор» ән үйірмесінің құрамында 8 оқушы бар. Бану Тажмакованың шәкірті Жасұлан Нұрдида «Бозторғай» балалар шығармашылығының облыстық байқауына қатысып, арнайы дипломмен марапатталған.

Ауылдық кітапхана да осы мекеме ішінен орын алған. Кітапханашы 19 800 кітап қоры, 650 оқырманы барын айтады. Ауыл ардагерлері тарихи кітаптарды іздеп келсе, оқушылар жағы ертегі, әдеби кітаптарды жиі қарайды екен.

Ауылдың ажары – әжелер

Күн сүйейді бетімді, қыз сүймеген, Ту қададым тың жерге қол тимеген. Буландымай алыстан қырманға кел, Кім бар екен, еңбекке бас имеген. А-хау, құшағыма сені алып, Би билейін қуанып, Қырманға кел қалқатай, Білегіңді сыбанып.

Мекеме басшысымен бірге мәдениет үйінің тыныс-тіршілігімен танысып жүріп, көрермендер залы жақтан осы әнді орындап жатқан әжелердің дауысын естіп қалдық. Айбек Есжановтың айтуынша, бұл бытыр «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы тұжырымдамасы «Арт уақыт» жобасы аясында ашылған «Таң әжелері» ансамблі. Олар алдағы айда қарттар күніне орай өтетін концертке дайындық үстінде.

Ұлттық өнерді дәріптеп, мәні мен мағынасы терең ескі әндердің ұмытылып қалмай, сахнада шырақалына өз септігін тигізіп жүрген әжелер ансамблінің орны ерекше. Ансамбль жетекшісі – аудандық аналар кеңесінің мүшесі, ауылдық аналар кеңесінің төрайымы Мағрипа Абдрахманова. Өнердің берекесін арттырып жүрген батыр аналардан құралған ансамбль мүшелерінің ең жасы алпыстың ауылына ат басын бұрса, үлкені сексеннің сегіріне шыққан. Талантымен тандай қақтырып, үнінің сыңғыры бұзылмаған әжелер халық әндерінің тарихына қанық, әркеш жатқа айтып жүреді. Ансамбль құрамында батыр ана, 8 баланың анасы Жанар Ахметова, 9 баланы өмірге әкелген Алмакул Елеуова, Қалдыгүл Хамитова, Қуанышқұл Әбдіхалиқова, Бейбітқұл Әліева, Ақжүніс Танашиова, Гүлмира Арықбаева және белгілі меценат-кәсіпкер, «Таң ЛТД» ЖШС директоры, Қазақстанның Еңбек Ері Имамзада Шағыртаевтың анасы Қантқұл Наурызбаева бар. Олардың әрқайсысы – ауылдың дамуына өз үлесін қосқан, әр саланың үздігі.

Өнер ұжымында әжелер тек ән айтып қоймай, ұлттық салт-дәстүріміздің жандануына өз үлесін қосуда. Олардың қатысуымен түрлі шаралар, шеберлік сағаттар өтеді. Олар салт-дәстүрімізді, мәдениетімізді кейінгі ұрпаққа насихаттауға бағытталған шараларда білген-түйгендерін үйретіп, қоғамдық шараларда да белсенділік танытады. Ондағы мақсат – ауыл жастарының бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, тәлім-тәрбие беру. Шаңырақтың шежіресін шертіп, ағайын-туыстың татулығын сақтап, жас келіндердің ақылшысы болып жүрген, немере-шеберлеріне ертегі-жырларын айтатын ақжаулықты әжелердің зейнетке шықса да, көпшілік алдында өнер көрсетуі – көпке үлгі.

Иә, ауылдағы мәдениеті үйінің жергілікті тұрғындар үшін орны бөлек. Мұндағы қызметкерлер мереке күндері іс-шара өткізуден шектелмей, жастарды өнерге баулуға, Олардың талантын тасада қалдырмай, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, аядай ғана ауылдан талатты жастардың көптеп шығуына үлес қосуда. Аталған ұжым жыл сайын мәдениет ошанын тынысын кеңейтіп, қолөнерді ұлықтай бермек.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ



Абай Құнанбаев – 180 жыл

Абай – сөз өнерінің шебері, адамгершілік пен білімнің қамқоры. Оның өлеңдері мен қарасөздері өмірдің мәнін, әділдік пен ізгіліктің маңызын үйретеді. Абай – тек ақын емес, музыка мен әннің де шебері. Сондықтан біз оның мұраларын кейінгі буынға насихаттай беруіміз керек. Осы орайда аудандық ардагерлер кеңесінің және Аққұм ауылдық клубының ұйымдастыруымен ел есінде мәңгі сақталған ұлы ойшыл, дана ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай «Жүрекке жеткен Абай әуені» атты Абай әндерін орындаудан ардагерлер арасында облыстық ән байқау өтті.

Ақын шығармашылығы дәріптелді



Байқау басталмас бұрын жан-жақтан келген қатысушы ардагерлермен жақынырақ танысуды жөн көрдік. Ерекше киім үлгісі мен қазақы бұйымдарымен бізді өзіне баурап алған Жаңыл Мырзатаева. Алпыс жасы алқымдаған ақжаулықты анамыз байқауға арнайы Қазалы ауданының Басықара ауылынан келген. 40 жылға жуық ауылдағы алтын уақта ұстаздық қызмет атқарған ол бүгінгі байқауға Абайдың «Өзеге көңілім төярсын» әні мен «Жолыққан қандай жақсы» әнін дайындап әкеліпті. Ол – ауылдағы әжелер ансамблінің белді мүшесі. Бала күнінен жанына домбыраны серік еткен кейіпкеріміз бұл байқауға дайындалуға 10 күнге жуық уақыт кеткенін айтты.

Шара ұлы ақынның өлеңдерін оқушылардың жатқа айтуымен бастау алды. Байқауға аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әліев пен аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеу-сінов келіп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Қазақтың ұлы ойшылы, кемелгер ақын, ағартушы Абай Құнанбаевтың туғанына был 180 жыл толып отыр. Абайдың мерейтойы Қазақстан аумағында жоғары деңгейде аталып өтуде. Абайдың туып өскен жері, балалық шағы өткен Семейде бастау алған онкүндік мерекелік шара аясында әдеби-мәдени көштер, конференциялар, көрмелер, театрландырылған қой-лымдар ұйымдастырылды. Облыс орталығы мен ауданда да Абай оқулары, жас ақындар сайысы өткізіліп, ұлы ойшылдың шығармашылығы кеңінен насихатталуда. Міне, бүгін де ардагерлер Аққұм ауылын Абайдың өлеңіне бөлеп, сайысқа түскелі тұр. Барлық қатысушыларға сәттілік тілеймін, – деді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

8 өнерпаз бақ сынаған сайыста қатысушыларға аудандық балалар өнер мектебінің оқу ісі жөніндегі орынбасары Алпамыс Қожаниязов, Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет үйінің басшысы Гүлмайра Илиясова, Еңбек ауылындағы Аққошқар ауылдық мәдениет үйінің басшысы Жомарт Жарыққасым төрелік етті.

Аталған байқау екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде ардагерлер Абайдың әнін орындаса, екінші кезеңде еркін тақырыпта жанды дауыста ән шығарды.

Көзіміздің қарасы, Көңіліміздің санасы. Бітпейді іштері, Фашықтық жарасы.

Байқаудың шымылдығы Абайдың «Көзіміздің қарасы» әнімен түрілді. Бұл әнді алғаш орындап сахнаға шыққан Қызылорда облысы Қызылжарма ауылынан келген Гүлжан Иманғалиева нақышына келтіріп орындасы, ал екінші кезеңде халық әні «Даригауды» шырақп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Осылайша қатысушылар реттілікпен сахна төріне шығып, өздері таңдап алған әндерін орындап шықты.

Төрешілердің әділ шешімімен қатысушылардың ішінде өзінің қоңыр дауысымен, сахнада тұру мәдениетімен ерекшеленген Арал ауданының ардагері Болатбек Тәжімбет бас жүлдені иеленді. Ал I орынды Шіелі ауданы Бәйгеқұм ауылының қатысушысы 71 жастағы Нағима Бисенбаева қанжығасына байлады. Жүлделі II орынға Қармақты ауданының ардагері Зәуре Керібаева мен Сырдария ауданы Қоғалық ауылынан келген Гүлмира Малдыбайқызы лайық деп танылды. Алғашқы үздік үштікті Қазалы ауданы Басықара ауылының ардагері Жаңыл Мырзатаева мен Аққұм ауылының тұрғыны Базарқұл Ерназарова түйіндеді. Сондай-ақ бүгінгі байқауда үздік өнер көрсеткені үшін Аққұм ауылдық клубы ұжымының арнайы жүл-десімен Қызылжарма ауылынан келген Гүлжан Дәуменқызы, ардагерлер кеңесінің жүлдесімен Талсуат ауылының тұрғыны Рсалды Меутенова марапатталды.

Абайдың асыл мұрасын дәріптеп қана қоймай, ардагерлеріміздің өнерін паш ету мақсатында ұйымдастырылған шара соңында қатысушыларға сыйлықтар табысталды.

– Бүгінгі байқау өте жоғары деңгейде өтті. Барлық қатысушының атынан ұйымдастырушыларға үлкен алғыс айтамын. Абайдың өндерін әрбір қазақ жатқа білу керек, оның өмірі мен шығармашылығымен әсіресе жастар жағы жіті танысу керек. Өзім жас күнімде Абайдың өлеңдерін жатқа оқып, шығармашылығымен өте жақын танысып. Себебі 45 жыл мектепте қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі болғанмын. Қатысулардың ешқайсысы осал болмады. Барлығы тыңғылықты дайындықпен келгені көрініп тұр. Байқаудың алғашқы кезеңіне дайындап жүрген өнімді басқа қатысушы айтатын болып, 2 күн бұрын ғана «Қараңғы түнде тау қалғып» әніне дайындықты бастадым. Ал екінші кезеңде орындаған «Нұрикамал» әнін жас күнімнен шырақп жүргендіктен аса қатты қиындық келтірген жоқ, – дейді бас жүлде иегері.

Айта кетейік, Болатбек Жұпанұлы – қазіргі таңда Аралдағы «Ұлағат» ардагерлер аспапты ансамблінің мүшесі, бас домбырашы. Бүгінде ансамблдің құрамында 40-қа жуық ән, күй бар.

Ұлы ақынның мұрасын сақтап, оны жас ұрпаққа дәріптеу – әрбір азаматтың басты парызы. Ұрпағына үлгі болған ардагерлер бүгінгі шараны алғыспен аяқтап, Абай шығармасын насихаттау толастамауы тиіс екенін тілге тиек етті.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Меншік иесі:

СЫР
МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08
телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №1553

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ